



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары,
«Ақ жол» партиясы
фракциясының мүшелеріне**

2021 жылғы 28 мамырдағы
№ ДС-197 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздің әрбір баланың тууы үшін ипотеканы мемлекеттік субсидиялауды енгізуге қатысты сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Қолданыстағы Тұрғын үй-коммуналдық дамытудың «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында көпбалалы, толық емес отбасылар және мүгедек балалары бар отбасылар қатарындағы кезекте тұрғандардың нысаналы тобы үшін «Отбасы банк» АҚ арқылы жылдық 2% - дан жеңілдікпен кредит беру көзделген.

Осы тетік бойынша мемлекеттік қолдау шарасымен табысы төмен 9443 отбасы қамтылды.

2020 жылғы шілдеден бастап «Отбасы банк» АҚ бастапқы және қайталама нарықтарда тұрғын үй сатып алу үшін *(меншікті тұрғын үй салу үшін жер учаскесі)* жылдық 6%-бен мөлшерлемені 2 жыл өткеннен кейін 5%-ға дейін төмендетумен, кредиттеу мерзімі 6 жылдан 9 жылға дейін қарыз беру бойынша өзінің «Жас отбасы» тұрақты бағдарламасын іске қосты.

Бұл бағдарламада ерлі-зайыптылардың жасына және отбасындағы балалардың санына ешқандай шектеулер жоқ. Қатысудың негізгі өлшемдері некеде 3 жылдан 5 жылға дейін тіркелу, банкте депозиттің болуы (ашылуы), тұрғын үй құнының 50%-ын жинақтау *(сондай-ақ сатып алынатын тұрғын үй сомасының 50%-ын бір мезгілде салған кезде жеңілдікті қарыз алу мүмкіндігі бар)* болып табылады.

Отбасы банкінің базасында «Тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталық» құрылады, ол тұрғын үйге мұқтаж барлық азаматтарды қарастырып, тіркеуді және есепке алуды, сондай-ақ қандай да бір санатқа тиесілігіне қарамастан, тұрғын үйдің қолжетімділік сатысына сәйкес тұрғын үйді қою күні бойынша бөлуді орталықтандырып жүзеге асыратын болады.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталықтың базасы тұрғын үйді тіркеу, есептен шығару, мәліметтерді жаңарту, түгендеу және бөлу процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету, орталықтандыру, оңтайландыру және автоматтандыру мақсатында жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорларымен интеграцияланатын болады.

Тұрғын үй алудың ашықтығын және бірыңғай жүйелі есепке алуды қамтамасыз ету үшін бірыңғай республикалық электрондық базада және «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасында есепте тұрған адамдардың тізімдері, сондай-ақ тұрғын үй алған адамдардың тізімдері ай сайын Отбасы банктің интернет ресурсында жарияланатын болады.

Жастарды қолдаудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес жастардың тұрғын үй қажеттілігін жедел шешу мақсатында жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй сатып алу үшін, оның ішінде қолданыстағы «Отбасы банк» АҚ өнімдері шеңберінде жас отбасыларға жеңілдікпен кредит беру жөніндегі өңірлік жобаларды әзірлейтін болады.

Мысалы, Ақтөбе облысының әкімдігі Жас отбасылар мен мамандарға кредит беру мақсатында «Ақтөбе Жастары» және «Жастар үшін қолжетімді баспана» өңірлік бағдарламаларын іске асыруға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд.теңге бөлуді жоспарлап отыр.

Алматы облысының әкімдігі жұмыс істейтін жастар үшін бастапқы жарнасыз (*қосымша кепіл болған жағдайда*) ең жоғары қарыз сомасы 10 млн.теңгеге дейін «Жетісу жастары» бағдарламасын пысықтауда.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі де жергілікті бюджеттен қаржыландыру есебінен 35 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға жылдық 5% жеңілдікпен (*3 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге*) 10 млн.теңгеге дейін қарыз беруді көздейтін «Елорда жастары» тұрғын үй бағдарламасын іске қосуды жоспарлап отыр.

Азаматтарға, оның ішінде жастарға (*29 жасқа дейінгі 13 мыңнан астам азамат*) бастапқы және қайталама нарықта жеке тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік беретін «7-20-25» және «Баспана Хит» ипотекалық бағдарламаларын іске асыру қосымша жалғасуда.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта әзірленіп жатқан «Ұлттық Рухани Жаңғыру» Ұлттық жобасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жастарын қолдаудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының (*2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 ҚРҰК*) шеңберінде мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі уәкілетті орган жастарды жұмысқа орналастыру, жастар және студенттік ұйымдарды, сараптамалық және азаматтық қоғамдастық өкілдерін тарта отырып, білім беру және тұрғын үй мәселелері бойынша мәселелері қарастырылған.

Баяндалғанның негізінде, бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Р. Скляр



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
членам фракции «Ақ жол»

На № ДС-197 от 28 мая 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно внедрения государственного субсидирования ипотеки за рождение каждого ребенка, сообщаю следующее.

В рамках действующей государственной программы жилищно-коммунального развития «Нұрлы жер» предусмотрено льготное кредитование по 2% годовых через АО «Отбасы банк» для целевой группы очередников из числа многодетные, неполные семьи и семьи, имеющие детей инвалидов.

По данному механизму государственной мерой поддержки охвачено 9443 семей с низким уровнем дохода.

С июля 2020 года АО «Отбасы банк» запустил собственную постоянную программу для молодых семей «Жас отбасы» по предоставлению займов для приобретения жилья на первичном и вторичном рынках (земельного участка для строительства собственного жилья) под 6% годовых со снижением ставки до 5% по истечении 2-х лет, со сроком кредитования от 6-ти до 9 лет.

В данной программе нет ограничений по возрасту супругов и количеству детей в семье. Основными критериями участия являются регистрация в браке от 3 до 5 лет, наличие (открытие) депозита в банке, накопление 50% от стоимости жилья (также есть возможность получения льготного займа при одновременном вложении 50% от суммы приобретаемого жилья).

На базе Отбасы банка будет создан «Центр по обеспечению жильем», который будет централизованно осуществлять ведение, постановку и учет всех нуждающихся граждан в жилье, а также распределение жилья по дате постановки в соответствии с лестницей доступности жилья, вне зависимости от принадлежности к той или иной категории.

База Центра по обеспечению жильем будет интегрирована с государственными базами данных физических лиц в целях обеспечения

прозрачности, централизации, оптимизации и автоматизации процессов постановки, снятия с учета, обновления сведений, инвентаризации и распределения жилья.

Для обеспечения прозрачности получения жилья и единого системного учета списки лиц, состоящих на учете в Единой республиканской электронной базе очередников и электронной базе «Центр обеспечения жильем», а также списки лиц, получивших жилье будут ежемесячно публиковаться на интернет ресурсе Отбасы банка.

В целях ускоренного решения жилищной потребности молодежи в соответствии с Комплексным планом по поддержке молодежи на 2021-2025 годы местными исполнительными органами будут разработаны региональные проекты по льготному кредитованию молодых семей для приобретения жилья, в том числе в рамках действующих продуктов АО «Отбасы банк».

Например, акиматом Актюбинской области планируется выделить 1,5 млрд.тенге из местного бюджета на реализацию региональных программ «Ақтөбе Жастары» и «Доступное жилье для молодых» с целью кредитования молодых семей и специалистов.

Акиматом Алматинской области прорабатывается программа «Жетісу жастары» для работающей молодежи без первоначального взноса *(при наличии дополнительного залога)* с максимальной суммой займа до 10 млн.тенге.

Акиматом города Нур-Султана также планируется запуск жилищной программы «Елорда жастары», которая предусматривает предоставления займа до 10 млн.тенге под льготные 5% годовых *(сроком от 3 до 25 лет)* работающей молодежи возрастом до 35 лет за счет финансирования из местного бюджета.

Дополнительно продолжается реализация ипотечных программ «7-20-25» и «Баспана Хит», которые позволяют гражданам, в том числе молодежи *(свыше 13 тыс. граждан возрастом до 29 лет)*, приобрести собственное жилье, как на первичном, так и на вторичном рынке.

Также в настоящее время в рамках разрабатываемого Национального проекта «Ұлттық Рухани Жаңғыру», а также Комплексного плана по поддержке молодежи РК на 2021-2025 годы *(ППРК от 29 декабря 2020 года № 918)* уполномоченным органом по государственной молодежной политике предусмотрены вопросы по трудоустройству молодежи, образования и жилья с привлечением молодежных и студенческих организаций, представителей экспертного и гражданского сообщества.

На основании изложенного, работа в данном направлении продолжается и находится на контроле Правительства.

Р. Скляр